



## Еуропалық Комиссия – Мәлімдеме

### Еуропалық Комиссия мәлімдемесі

#### **Әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықпен күресудің халықаралық күніне орай Еуропалық Комиссияның бірлескен мәлімдемесі, 25 қараша 2014 жыл**

Брюссель, 24 қараша 2014 жыл

Еуропалық Одақтың Сыртқы істер және қауіпсіздік саясаты жөніндегі Жоғары өкілі және Еуропалық Комиссия Төрағасының орынбасары Федерика Могерини, Әділсот, тұтынушыларды қорғау мен гендерлік теңдік жөніндегі Комиссар Вера Юрова және Халықаралық ынтымақтастық пен даму жөніндегі Комиссар Невен Мимица келесі мәлімдеме жасады:

Әйелдерге қатысты кемсітушілік пен зорлық бүкіл әлем, барлық қоғамдар мен аймақтарда жалғасуда. Әйелдер жапа шегу, зорлық, мерткітіру, өлтіру қасіретіне, тіпті өз үйлерінде де, душар болады. Еуропалық Одақта 15 жастан асқан әрбір үшінші әйел физикалық және/немесе жыныстық зорлықты басынан кешіреді. ЕО-тан тыс жерде қыздарға мектепке баруға тыйым салынады немесе тұрмысқа шығуға мәжбүрленеді, ал жыныстық зорлық қайғылы және кеңінен тараған соғыс жүргізудің тактикалық құралы болып қалуда. Әйелдер құқықтарын қорғау қызметімен айналысатын құқыққорғаушылар да қауіптер мен басқындар арқылы қудалануда.

Әйелдер мен қыздарға қарсы зорлық-зомбылықтың барлық нысандарымен күресу адам құқықтарын сақтаудың мызғымас қағидасы және ЕО үшін ЕО-тың ішінара да, сырттай да басымдығы болып табылады. Осыдан бір жыл бұрын Еуропалық Комиссия мен Сыртқы қатынастар еуропалық қызметі (СҚЕК) әйелдер жыныстық мүшелерін мерткітіру тәжірибесін жою туралы бірлескен Коммюнике қабылдап, осы саладағы саясатын жалғастыруда. ЕО әлеуметтік өзгерістерге, аталған тәжірибені жоюға, құрбандарға қолдау көрсету және күнделікті айналысушы қоғамдар мүшелерімен жұмыс жасауға, аталған мәселеге қатысты көзқарастың өзгеруіне белсенді ат салысатын жобаларды қаржыландырады.

Осы жылы әйелдерге қатысты зорлықпен ұлттық және еуропалық деңгейде ұтымды күресудің маңызды құралы болып табылатын Еуропа Кеңесінің әйелдерге қарсы зорлық-зомбылықты және үй зорлығын алдын-алу мен күресу жөніндегі Конвенциясы (Ыстанбұл Конвенциясы) күшіне енеді.

Жақында әлем Бейжің декларациясы мен Әрекет платформасының 20-жылдығын және әйелдердің бейбітшілік пен қауіпсіздік ісіне қосатын үлесі жөніндегі БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің 1325 Резолюциясының 15-жылдығын атап өтеді. Біз аталған маңызды құралдардың іске асырылуы жолында қол жеткен жетістіктерге шолу жасап, келесі әрекет жөнінде ой қозғаймыз.

Сонымен қатар, 2015 жылы Еуропалық Комиссия келесі жылдарға даму саласындағы жаңа күн тәртібін белгілейді. Гендерлік теңдік пен әйелдер мүмкіншіліктерін кеңейту, әйелдер мен қыздарға қатысты зорлықтың және кесірлі тәжірибенің бар нысандарын жою кедейшілікті қысқарту мен тұрақты дамудың міндетті өзекті шарты болып табылады. ЕО гендерлік теңдікті жеке мақсаты, әрі 2015 жылдан кейінгі кезеңде кедейшілікті қысқарту және тұрақты даму бойынша жалпы негіздемелік қағидаларының бөлімі ретінде қолдайды.

Біз әйелдер мен қыздарға қарсы зорлықтың барлық нысандарын қатаң айыптаймыз. Бүгінгі күннен бастап 10 желтоқсанда атап өтілетін Адам құқықтары күніне дейін бүкіл әлем бойынша барлық ЕО Өкілдіктері де БҰҰ Бас Хатшысының "Гендерлік қасиеттерге негізделген зорлыққа қарсы белсенді жұмыстың 16 күні" атты халықаралық науқаны шеңберіндегі шаралар ұйымдастыру үндеуіне қосылып, аталған мәселе бойынша хабардар болуды нығайту жолында жұмыс атқарады.

STATEMENT/14/2081

Қосымша баспасөз ақпараты бойынша:

[Catherine RAY](#) (+32 2 296 99 21)  
[Maja KOCIJANCIC](#) (+32 2 298 65 70)  
[Mina ANDREEVA](#) (+32 2 299 13 82)

Жалпы сауалдар бойынша:  
[Europe Direct](#) тел.: 00 800 67 89 10 11